**Автор**: Жұмабаева Асел Абугалиевна
**Пән**: Дүниетану. Тарих компоненті
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Өзім туралы
**Тақырып**: Менің отбасым

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.1.1.3 Түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Отбасы туралы түсініктері кеңейеді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Отбасы мүшелері. |
| Күтілетін нәтиже: | Отбасы мүшелерін біледі, атай алады |
| Бағалау критерийлері: | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Пәнаралық байланыс: | Музыка, қазақ тілі. |
| Бастапқы білім: | Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады. |

5e31105849621.png Image not found or type unknown

## Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды) | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Кез-келген адамның өз отбасы бар. Отбасы-қоғамның бір бөлшегі. Оған бір үйде тұратын ең жақын адамдар жатады. Олар: атасы мен әжесі, әкесі мен анасы, ағасы мен әпкесі және іні-қарындастары. «Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі Берілген жаңа тақырыпты түсіндіру үшін сыныптан өз еркімен бір оқушы Көшбасшы ретінде өзін ұсынады. Көшбасшының қалауынша мәтінмен жұмыс жүргізу.  Сенің Отбасыңда қанша адам бар? Өз отбасыңдағы адамдар жайлы әңгімеле. Қамқор болу, қамқорлық деген ұғымды қалай түсінесің? Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршайорналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өзпікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақтыанағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойыншабірлесіп алға шығып сөйлей алады. | «Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі |
| Сабақтың соңы | 5e3110d12c588.png<br><br>Image not found or type unknown | Синтез "Таңда да таста" әдісі https://www.akavideos.com/watch?v=RAo-zw5U8gQ |
| Рефлексия | "Таңда да таста" әдісі | |